

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН

Т Р И Б У Н А

Общественно-политическая газета

Основана 12 сентября 1931 года

Солнце: Восход 8.35
Заход 17.23
Долгота дня: 8.47

**18
ноября
2010**

№ 47 (8278)

Луна: Восход - 15.23
Заход - 4.50

ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға еліміз тәуелсіздігін алған соң көп уақыт өтпей-ақ 1992 жылдың қаңтарында мүше болды. Бұл ұйым – Солтүстік Америка, Еуропа мен Орталық Азияның 56 мемлекетінің басын біріктіріп әлемдік деңгейдегі іргелі ұйым. Еліміздің осы ұйымға төрағалық ету мәселесі алғаш рет ұйымның тұрақты кеңесінің 2003 жылы 18 ақпанда өткен жиналысында айтылып, төраға болуына қатысты шешім 2007 жылы желтоқсанда Мадридте өткен ЕҚЫҰ сыртқы істер министрлері кеңесінде қабылданды.



Айтулы оқиғаның саяси маңызы – ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет бұл ұйымға орта азиялық мемлекеттің төрағалық етуінде. Қазақстан – қазіргі таңда ТМД кеңістігінде бұл ұйымға төраға болған бірден бір мемлекет.

Өткен тарих беттеріне назар аударсақ, аталған ұйымның негізі 1973 жылы Кеңестер Одағының ұйытқысымен қаланған. Дәл осы жылдың шілде айында Шығыс пен Батыс елдері арасында орын алған шиеленісті реттеу үшін Хельсинкиде 33 мемлекеттің басшысы кездесіп, 1975 жылы қойылған келісім-шарттың қорытынды актісінде ЕҚЫҰның негізін қалыптастырушы басты құжат бекітілді. Алғашқы кезде құрамында 35 мемлекет болса, қазіргі таңда Еуропа, Орталық Азия және Солтүстік Американың 56 мемлекеті бар. Құрылғанына 40 жылдай уақыт болған ЕҚЫҰ әлемдегі ең беделді ұйымның бірі. Ұйымның негізгі бағыты – қауіпсіздікті сақтау, ынтымақтастықты нығайту және адам құқығын қорғау.

Атап өтерлігі 1970 жылдары бұл ұйым тек Еуропадағы кеңес ретінде құрылды. Бұдан соң 1990 жылдары күрделі өзгерістер орын алып, бүгінгі атауы берілді.

БҰҰ жарғысына сай, ұйымның міндеті – Еуропада болуы мүмкін делінген дағдарыстар мен келеңсіздіктердің алдын алу, болдырмау, болып жатқан жанжалдарды реттеу, ұйымға мүше елдердің қарулануын бақылау, сенім мен қауіпсіздік шаралары, адам құқықтары, экономикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сайлауға бақылау

жасау, басқа да демократиялық процестерді дамыту болып табылады.

ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің басшыларының және үкімет басшыларының кездесуі, яғни ЕҚЫҰ саммиті сирек өткізіледі. Қырық жылдай уақытта жоғары дәрежедегі осындай саммит тек алты рет қана өткізілген болса, ендеше қасиетті же-

тімен бізге тиген үлес айтулы оқиға болмақ.

Мемлекет басшысының ЕҚЫҰ мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің биыл шілде айында Алатаудың баурайында өткен кездесуінде сөйлеген сөзінде айтылғандай, ұйым құрылған 1975 жылы әлемнің саяси картасына әлі іліне қоймаған Қазақстан тәрізді мемлекеттің 35 жылдан кейін оны басқаратыны ешкімнің де арман қиялында болмаған шығар сіре.

Соңғы 7 ай ішіндегі әскери-саяси өлшемнің шеңберіндегі басты шараның бірі - Қазақстан республикасының төрағалығымен өткен қауіпсіздік саласындағы мәселелерге шолу жөніндегі жыл сайынғы конференция. ЕҚЫҰ-ның бірінші өлшемін күшейту мақсатына сәйкес, Қазақстан Ұйымға мүше мемлекеттерге соңғы жылдары көтеріп келе жатқан бұл негізгі форумның жұмыс сессияларын кеңейту және жиі өткізу жөніндегі жыл сайынғы конференцияның маңызы Қазақстан төрағалығының жоғарғы деңгейімен аталып өтті. Қазақстанның төрағалығы тұсында көршілес ел Қырғызстандағы саяси жағдайдың шиеленісуі де үлкен сынақ болды. Қазақстанның әлемдік көшбасшылармен келісілген күш-жігері бұл елдегі кең ауқымды азамат соғысының қаупіне жол бермеді. Шекаралас, бауырлас ел ретінде Қазақстан бұл елге гуманитарлық көмек жіберіп, арнайы конференция ұйымдастырды. Жалпы, Қазақстанның төрағалық етуі ЕҚЫҰ құрылымдарын, біріншіден қауіпсіздіктің әскери емес аспектілерінде мамандандырылған полици-

ялық қызметтің стратегиялық мәселелері бойынша лаңкестіктің алдын алуға айрықша көңіл бөлді. Сондай-ақ, ғаламдық қаржылық және экономикалық дағдарыс тақырыбы ЕҚЫҰ шеңберінде алғаш рет Қазақстан төрағалығының барысында, III Астана экономикалық форумында талқыланды.

Екінші өлшемнің шеңберінде Қазақстандық төрағалық тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау саласында ЕҚЫҰ мүмкіндігін қатыстыру бойынша, атап айтқанда, ұйымның жауапкершілігі аймағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында Арал мәселесін шешу ісін алға апаруға ат салысып отыр. Қоғамды демократияландыру, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету, білім беру, адам саудасымен күрес, сот жүйесінің тәуелсіздігі, өділ сайлау, гендерлік тепе-теңдікті ілгерілету және басқада үрдістерді қамтитын кең ауқымды, қоғамдық маңызды бағыт болып табылады.

Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалығын қабылдаған сәттен бастап гуманитарлық өлшемнің алға шығуына ерекше ықылас танытып отыр, сонымен қатар біздің еліміз өз төрағалығы тұсында ЕҚЫҰ мәртебесін жоғарлату бағытындағы құндылықтар мен қағидаттарды мүлтіксіз ұстануда. Елбасымыздың осы мәселеде ЕҚЫҰ Алматы кездесуінде сөйлеген сөзінде «Біз соңғы он жылдықтарда тәзімділік саясатындағы елеулі ілгерілеушілікке талдау жасауға және «ЕҚЫҰ жаңа онжылдықта тәзімділікке қарай» деген шартты атаумен ортақ құжатқа шығуға тиіспіз деп білемін» деген болатын. Төрағалықтың жарты жылдық мерзімінде ұйымның гуманитарлық өлшемі бойынша зор жұмыс атқарылды. Қазіргі күннің өзінде Қазақстан төрағалығы көптеген қатысушы мемлекеттер мен ұйымға өріптес елдер тарапынан жоғары бағалануда. Ал, алдағы желтоқсан айының 1 мен 2 күндері Астанада өткізілетін ЕҚЫҰ саммиті қазақ өлі үшін ғана емес, ұйымға мүше 56 мемлекет үшін де айтулы оқиға болмақ.

M. БАЙМАХАНБЕТОВА.